

Мемлекеттік гидрометеорологиялық сараптау туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 29 қыркүйек 1993 ж. N 959. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:
Мемлекеттік гидрометеорологиялық сараптау туралы Ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е м ь е р - м и н и с т р і*

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 29 қыркүйектегі
N 959 қаулысымен

Бекітілген

Мемлекеттік гидрометеорологиялық сараптау т у р а л ы

Ереже

1. Мемлекеттік гидрометеорологиялық сараптау - бұл Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Гидрометеорология жөніндегі Бас басқарманың (бұдан әрі "Қазгидромет") қызметінің түрі, оның мақсаты Қазақстан Республикасының аумағында министрліктер, ведомстволар, мекемелер мен ұйымдар өткізіп жатқан гидрометеорологиялық бақылау мен жұмыстың, сондай-ақ атмосфералық ауаның, су беті мен топырақтың ластануын бақылаудың (бұдан әрі "гидрометеорологиялық бақылау мен жұмыстар") және нәтиженің салыстырмалығын, сапасын, дұрыстығын қамтамасыз ету болып т а б ы л а д ы .

2. Мемлекеттік гидрометеорологиялық сараптау міндетті сипатқа ие және ол шаруашылық шешімдерді қабылдаудың алдында жүргізілуге тиіс.

3. Мемлекеттік гидрометеорологиялық сараптаудың міндеті министрліктер, ведомстволар, мекемелер мен ұйымдар өткізіп отырған гидрометеорологиялық жұмыстар мен бақылау нәтижесінің сапасы мен дұрыстығын бағалау, сондай-ақ жоспарланған шаруашылық қызметінің, оның ішінде объектілер мен құрылыстарды жобалау мен салуды гидрометеорологиялық негіздеу болып

т а б ы л а д ы .

4. Мемлекеттік гидрометеорологиялық сараптаудың объектілері мыналар
б о л ы п т а б ы л а д ы :

метеорологиялық, агрометеорологиялық, аэрологиялық және гидрологиялық
бақылау пункттерін, сол сияқты атмосфералық ауаның, су беті мен топырақтың
ластануын бақылайтын стационарлық және жылжымалы постыларды
ұйымдастыру жөніндегі құжаттар;

гидрометеорологиялық бақылау мен жұмыс нәтижелерінің материалдары;
гидрометеорологиялық жұмыстар мен бақылау өткізу кезінде алынған
материалдардың негізінде толық немесе жартылай түзілген ғылыми-техникалық
е с е п б е р у л е р ;

мемлекеттік жоспарлардың жобалары, экологиялық бағдарламалар, өндіріс
күштері мен халық шаруашылығы салаларын орналастырудың схемалары мен
негізгі бағыттарының тұжырымдары, шаруашылық және басқа қызметті дамыту
жөніндегі жобалау құжаттары, гидрометеорологиялық деректерді және
министрліктер, ведомстволар, мекемелер Қазгидрометтен алған және өздері
жүргізген бақылау мен жұмыстар кезінде алған айналадағы ортаның ластануын
бақылау деректерін пайдалана отырып әзірленген техникалық-экономикалық
негіздер мен құрылыс жобалары. Бұл объектілерді сараптауды Қазгидромет оны
экологиялық сараптау және Құрылысмині Қазбасмемсараптау органдары тартқан
жағдайда жүзеге асырады.

5. Қажет болған жағдайда мемлекеттік гидрометеорологиялық сараптау
өткізуге сараптау комиссияларына енгізілетін заңды ұйымдар мен жеке адамдар (сарапшылар)
шарт негізінде тартылады.

Мемлекеттік гидрометеорологиялық сараптау өткізуге қатысушы заңды
ұйымдар мен жеке адамдар (сарапшылар) өздері жасаған қорытындылардың
негізділігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді.

Сарапшылардың жұмыс тәртібі мен өкілеттілігін Қазгидромет айқындайды.

6. Мемлекеттік гидрометеорологиялық сараптауды жүзеге асыру мақсатында
Қ а з г и д р о м е т :

осы Ережені орындауға бағытталған республиканың министрліктері,
ведомстволары, мекемелері мен ұйымдары үшін міндетті құжаттар шығару;

гидрометеорология саласындағы жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу
жөніндегі әдістемелік құжаттардың талабын сақтауды және табиғи ортаның
ластануын бақылауды тексеруді жүзеге асыру;

гидрометеорологиялық жұмыстар мен бақылау жүргізу кезінде әдістемелік
құжаттардың талаптарын орындамаған лауазымды адамдарды жауапқа тарту
туралы министрліктер, ведомстволар, мекемелер мен ұйымдардың басшылары
алдында мәселе қою ;

ақпараттық-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге жұмсалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК